

Аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 10 желтоқсандағы № 138 "Алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмек көрсету еселігін және әлеуметтік көмек мөлшерін, атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесін белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Махамбет ауданы мәслихатының 2017 жылғы 20 сәуірдегі № 141 шешімі. Атырау облысының Эділет департаментінде 2017 жылғы 02 мамырда № 3844 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет аудандық мәслихатының 2022 жылғы 28 маусымдағы № 149 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет аудандық мәслихатының 28.06.2022 № 149 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекеленген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес және аудан әкімдігінің 2017 жылғы 5 сәуірдегі № 96 қаулысын қарап, аудандық мәслихат

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 10 желтоқсандағы № 138 "Алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмек көрсету еселігін және әлеуметтік көмек мөлшерін, атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесін белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізліміне № 2801 санымен тіркелген, "Жайық шұғыласы" газетінің 2013 жылғы 19 желтоқсанында жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1, 2-қосымшалары осы шешімнің 1, 2- қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешімнің орындалысина бақылау жасау аудандық мәслихаттың занылыштықты сақтау, экономика және бюджет, қаржы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасына (Р. Тұрдағали) жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2017 жылдың 1 сәуірінен бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

*Аудандық мәслихаттың кезектен тыс
11-сессиясының төрағасы*

Аудандық мәслихат хатшысы

O. Отебаев

M. Мырзашев

Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 20 сәуірдегі № 141 шешіміне 1 қосымша
Аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 10 желтоқсандағы № 138 шешіміне 1 қосымша

Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі

№	Атаулы күндер мен мереке күндері	Еселігі
1	Отан қорғаушы күні	Жылyna бір рет
2	Чернобыль атом электростанциясындағы (бұдан әрі – Чернобыль АЭС) апаттың зардабын жою күні	Жылyna бір рет
3	Женіс күні	Жылyna бір рет
4	Балаларды қорғау күні	Жылyna бір рет
5	Мұгедектер күні	Жылyna бір рет

Аббревиатураны таратып жазу:

АЭС – атом электр станциясы

Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 20 сәуірдегі № 141 шешіміне 2 қосымша
Аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 10 желтоқсандағы № 138 шешіміне 2 қосымша

Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшері

№	Әлеуметтік көмек алушылардың санаттары	Атаулы күндер мен мереке күндері	Әлеуметтік көмектің мөлшері, теңге
	1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мұгедектері; 2) қорғанысина қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген женілдік шарттарымен зейнетакы тағайындау үшін еңбек еткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қантарға		100 000

дайін есептелді қалаларда
Ұлы Отан соғысы кезінде
қызмет атқарған әскери
қызметшілер, сондай-ақ
бұрынғы КСР Одағы ішкі
істер және мемлекеттік
қауіпсіздік
органдарының басшы
және қатардағы
құрамының адамдары;
3) Ұлы Отан соғысы
кезінде майдандағы
армия құрамына кірген
әскери бөлімдерде,
штабтарда, мекемелерде
штаттық қызмет атқарған
Совет Армиясының,
Әскери-Теңіз Флотының,
бұрынғы КСР Одағының
ішкі істер және
мемлекеттік қауіпсіздік
әскерлері мен
органдарының ерікті
жалдама құрамаларының
адамдары, яки сол
кездерде қорғанысына
катаису майдандағы
армия бөлімдерінің
әскери қызметшілері
үшін белгіленген
женілдік шарттарымен
зейнетакы тағайындау
үшін еңбек өткерген
жылдарына 1998 жылғы
1 қаңтарға дейін
есептеледі қалаларда
болған адамдар;
4) коршаудағы кезеңінде
Ленинград қаласының
кәсіпорындарында,
мекемелері мен
ұйымдарында жұмыс
істеген және "Ленинградты қорғаганы
үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград
тұрғыны" белгісімен
наградталған азаматтар;
5) екінші дүниежүзілік
соғыс кезінде фашистер
мен олардың одақтастары
курган концлагерлердің,
геттолардың және басқа
да еріксіз ұстая

Женіс күні

	<p>орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары;</p> <p>6) бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің басқа да міндеттерін (қызмет міндеттерін) атқару кезінде жарапану, контузия алу немесе зақымдану нәтижесінде қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе майданда болуына байланысты ауруға шалдығу салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің, партизандардың, астыртын күрес жүргізгендердің,</p> <p>Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі № 2247 "Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне және соларға тенестірілген адамдарға берілетін женілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 5, 6, 7 және 8-баптарында көрсетілген адамдардың отбасы;</p> <p>7) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдар.</p>	
	<p>1) бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери</p>	

қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кенесшілерді қоса есептегендे); жаттығу жиындарына шакырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауганстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауганстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауганстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулараЯ жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері;

Ауганстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер;

2) бұрынғы КСР Одағын корғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауганстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндеттін өтеу кезінде ауруға шалдығуы

Отан қорғаушы

100 000

	<p>салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер;</p> <p>3) Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жараланудың, контузия алудың, закымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасы.</p>	Күні	
3	<p>1) 1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апattар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар;</p> <p>2) 1988-1989 жылдардағы Чернобыль АЭС-індегі апаттың зардаптарын жоюға қатысқан, оқшаулау аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс аудартқан (өз еркімен көшкен) адамдар қоныс аудартқан күні анасының құрсағындағы балаларды коса алғанда;</p> <p>3) Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апattар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық</p>	<p>Чернобыль АЭС-дагы апатты жою күні</p>	100 000

		сәуле алуды себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балалары.	
4	1, 2, 3 топ мүгедектері	Мүгедектер күні	20 000
5	Мүгедектік тобы белгіленген тұлғаларды коспағанда, бала мүгедегі	Балаларды қорғау күні	20 000

Аббревиатураны таратып жазу:

АЭС - атом электр станциясы;

КСР - Кеңестік Социалистік Республикалар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК